

## Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық салаларындағы жекешелендірілген ұйымдарды басқару тиімділігінің мониторингі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 3 мамыр N 491. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Экономикалық қауіпсіздікті және Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық салаларындағы жекешелендірілген ұйымдарды басқару тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті:

осы қаулы жарияланған күнінен бастап 2 ай мерзімде орталық атқарушы органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық салаларындағы мониторингке жататын ұйымдар тізбесінің жобасын дайындасын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

осы қаулы жарияланған күнінен бастап 3 ай мерзімде Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық салаларындағы жекешелендірілген ұйымдарды басқару тиімділігінің мониторингін жүргізудің тетігі жөнінде әдістемелік ұсынымдар әзірлесін және бекітсін;

мониторингті ұйымдастыру және жүргізу кезінде қолданыстағы заңнамада көзделген құқықтар мен кепілдіктердің, сондай-ақ мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру кезінде жасалған шарттар және келісім-шарттар қағидаларының сақталуын қамтамасыз етсін;

"Экономиканың стратегиялық салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлесін және 2002 жылдың екінші жарты жылдығында Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

3. "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 шілдедегі N 930 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 32-33, 295-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті туралы ережеге :

11-тармақтың 7) тармақшасындағы "қатысу" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық салаларындағы жекешелендірілген ұйымдарды басқару тиімділігінің мониторингін жүргізу";

12-тармақтың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) мемлекеттік меншік объектілері мен жекешелендірілген ұйымдарды басқару тиімділігіне мониторинг жүргізу және мониторинг субъектілері мен қатысушыларының іс-әрекеттерін үйлестіруді";

13 - т а р м а қ т а :

1) тармақша ", әдістемелік ұсынымдар әзірлеуге және бекітуге" деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақша "меншікті" деген сөзден кейін "және жекешелендірілген ұйымдардың меншігін" деген сөздермен толықтырылсын;

14) тармақша "ұйымдар" деген сөзден кейін "және жекешелендірілген объектілер" деген сөздермен толықтырылсын, "тексерулерге" деген сөзден кейін ", мониторингке" деген сөзбен толықтырылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С.Павловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 3 мамырдағы

№ 491 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы экономикасының  
стратегиялық салаларындағы жекешелендірілген ұйымдарды  
басқару тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ереже**

1. Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық салаларындағы жекешелендірілген ұйымдарды басқару тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) мониторинг ұғымын, оның мақсаттарын, міндеттерін,

мазмұнын, мәнін және оны жүргізудің тәртібін айқындайды.

2. Мониторинг - бұл ақпарат жинау, Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық салаларындағы жекешелендірілген ұйымдарды басқару тиімділігінің жай-күйін қадағалау, талдау, бағалау және болжау.

Мониторинг тұрақты экономикалық дамуды болжау және реттеу жүйесінің бір бөлігі болып табылады, елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ақпараттық-талдау функцияларын орындайды.

3. Басқару тиімділігі - Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық салаларындағы жекешелендірілген ұйымдардың мүлкіне басшылық етудің және иелік етудің нәтижесі.

4. Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық салаларына: мұнай-газ, энергетика, кен-металлургия, көлік-коммуникация және машина жасау салалары жатады.

5. Мониторинг объектілері - Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық салаларындағы жекешелендірілген ұйымдар.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мониторинг жүргізу жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) болып табылады.

Уәкілетті орган мониторинг жүргізу кезінде ол туралы Ережені, осы Ережені басшылыққа алады.

7. Мыналар мониторингке қатысушылар болып табылады:

- 1) уәкілетті орган;
- 2) орталық және жергілікті атқарушы органдар;
- 3) меншігінде не басқаруында тексерілетін ұйымдар бар тұлғалар;
- 4) уәкілетті орган заңнамада белгіленген тәртіппен мониторинг жүргізуге тартатын консалтингтік қызметтер көрсету саласында маманданатын ұйымдар, кеңесшілер және сарапшылар.

8. Осы Ереже мониторингке қатысушыларға қолданылады.

## **2. Мониторингтің мақсаттары мен міндеттері**

9. Мониторингтің мақсаты - Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін нығайтуға, экономиканы оның тұрақты дамуына қауіп төндіретін ішкі және сыртқы қолайсыз жағдайлардан, процестер мен факторлардан сақтауға ықпал жасау.

10. Мыналар мониторингтің міндеттері болып табылады:

- 1) мониторинг объектілерінің әлеуметтік-экономикалық, қаржылық, құқықтық, технологиялық, өндірістік-техникалық, экологиялық жай-күйін талдау;

- 2) мониторинг объектілерін тиімді басқаруға кедергі келтіретін

проблемаларды айқындау;

3) салалар мен аймақтардың даму перспективаларына мониторинг объектілерінің қызметі нәтижелерінің әсер етуін бағалау;

4) ұлттық экономикаға инвестициялардың құйылуына жәрдемдесу үшін жағдайлар жасау;

5) мониторинг мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасау;

6) Үкіметке, орталық және жергілікті атқарушы органдарға тұтастай алғанда республика бойынша, сондай-ақ аймақтар бөлінісінде объектілерді басқарудың нысандары мен әдістерін жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

7) тиімсіз басқаруға әкеп соқтыруы мүмкін себептер мен жағдайлардың алдын алу;

8) мониторинг бойынша электрондық дерекқор қалыптастыру және жүргізу.

### **3. Мониторингтің мазмұны мен мәні**

11. Мыналар мониторингтің мазмұнын құрайды:

1) мониторингтің мәні жөнінде мерзімді ақпарат жинау;

2) мониторинг объектілерін басқару тиімділігінің жай-күйін қадағалау;

3) мониторинг объектілерінің әлеуметтік-экономикалық, қаржылық, құқықтық, технологиялық, өндірістік-техникалық, экологиялық жай-күйінің үрдістерін талдау;

4) мониторинг объектілерін басқару тиімділігін тікелей тексеру және бағалау;

5) республика, аймақтар мен стратегиялық салалар экономикасының дамуына мониторинг объектілерінің қаржы-экономикалық жай-күйінің әсер етуін болжау.

12. Мынадай мәселелер мониторингтің мәніне жатады:

1) мониторинг объектілерінің қаржылық және экономикалық жағдайы;

2) мониторинг объектілерінің негізгі қорларының жай-күйі, өндіріске озық технологияларды енгізу;

3) мониторинг объектілерінің инвестициялық қызметі;

4) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану;

5) қызметкерлердің әлеуметтік және еңбек құқықтарын қорғау;

6) құқықтық мәселелер.

### **4. Мониторинг жүргізудің тәртібі**

13. Мониторинг бір немесе бірнеше объектілерде мониторингтің мәніне жататын жекелеген немесе барлық мәселелер бойынша жүргізілуі мүмкін.

14. Уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық салаларындағы ұйымдар тізбесінен мониторингке жататын объектілерді анықтайды;

2) мониторинг жүргізудің жоспары мен бағдарламасын бекітеді;

3) жұмыстардың түрлері мен орындау мерзімдері, есептер берудің тәртібі, алынған ақпарат пен материалдардың құпиялылығын сақтау жөніндегі міндеттемелерді қамтитын мониторинг жүргізу жөніндегі консалтингтік қызметтер көрсетуге арналған шарттарды белгіленген тәртіппен жасасады;

4) орталық және жергілікті атқарушы органдармен мониторинг жүргізу жөніндегі топтың құрамына қосу үшін өкілдердің кандидатураларын келіседі;

5) уәкілетті органның өкілі басшылық ететін мониторинг жүргізу жөніндегі топты бекітеді ;

6) мониторинг жүргізу жөніндегі топтың мүшелеріне объект пен мониторингтің мәні, тексерілетін объектіде болу мерзімі, мемлекеттік, коммерциялық және қызметтік құпияны жарияламау туралы міндеті көрсетілген хат береді ;

7) мониторинг жүргізу жөніндегі топтың мүшелерін әдістемелік құралдармен, ұсынымдармен және ақпараттық материалдармен қамтамасыз етеді;

8) мониторинг объектілерінің басшыларын, орталық және жергілікті атқарушы органдарды мониторинг жүргізу туралы хабардар етеді, олармен өзара іс - қимыл жасайды ;

9) қолданыстағы заңнама талаптарын ескере отырып, ақпарат, материалдар жинауды жүзеге асырады және олармен мониторингке қатысушыларды жабдықтайды ;

10) жүргізілген мониторингтің нәтижелерін қорытындылайды және Үкіметке, орталық және жергілікті атқарушы органдарға мониторинг жүргізудің нәтижелері бойынша даму болжамдары мен ұсынымдар қамтылған ақпарат ұсынады ;

11) мониторингтің электронды дерекқорын қалыптастырады, оның жаңартылуын, сақталуын қамтамасыз етеді, ақпараттық қызмет көрсетуді жүзеге асырады .

15. Мониторинг жүргізудің тәртібі мыналарды қадағалаудың негізінде жүзеге асырылады :

1) базалық көрсеткіштерді - бастапқы деректерді (мониторингке қатысушылар беретін статистикалық есептеме, ақпарат пен материалдар);

2) ағымдағы өзгерістерді тіркейтін шұғыл көрсеткіштерді;

3) жүргізілген мониторингтердің кезеңдері бойынша көрсеткіштерді (белгілі бір уақыттан кейін қадағалау).

16. Мониторинг объектілерін басқару тиімділігінің жай-күйін талдау мониторингтің мәні бойынша базалық (бастапқы) деректерді мониторинг нәтижесінде алынған деректермен салыстыру жолымен жүзеге асырылады.

17. Мониторинг объектілерін басқару тиімділігінің жай-күйі туралы тұжырымдар мониторинг жүргізу жөніндегі топтың уәкілетті органға берілетін

есептерінде

бекітіледі.

Уәкілетті орган ұсынылған материалдардың негізінде жекешелендірілген ұйымдардың меншігін басқарудың жай-күйіне бағалау жүргізеді.

18. Мониторинг жүргізу ұйымдардың өзінде де, экономика салаларында да теріс процестердің алдын алу мен болдырмау жөнінде ұсынымдар әзірлеу мақсатында мониторингтің тексерілетін объектілері дамуының үрдістері туралы болжаммен аяқталады.

#### **5. Мониторингті қаржылық қамтамасыз ету**

19. Мониторингті жүргізу республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылады.